

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті
Жалпы дәрігерлік практика №2 кафедрасының тәрбие жұмысының
№7 хаттамасы

01.03.2025 ж.

Қатысқандар: кафедра меңгерушісі, м.ғ.д. А.Дауреханов, А.Абдувалиев, А.Жаксыбергенов, Т.Ануарбек, Т.Орманов, Р.Пернебекова, К.Ботаева, Н.Тулегенова, Д.Дильбарханова, А.Тулемирзаева, С.Нысантаева, К.Дарипбекова, Т.Джубанишбаева, Г.Жолдыбаева және ОМ-32-24 тобының интерндері

КҮН ТӘРТІБІ:

Алғыс айту күніне орай медицина қызметкерлеріне Алғыс білдіру

Жауапты: Г.Жолдыбаева

Күн тәртібінің сұрағы бойынша оқытушы Г.Жолдыбаева ОМ-32-24 тобының интерндерімен бірге 01.03.2025ж. кафедраның клиникалық базасы болып табылатын №1 қалалық емхананың қызметкерлеріне Алғыс айту күніне орай іс шара өткізді.

Оқытушы Г.Жолдыбаева: Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, №173 жарлыққа қол қойған болатын. Алғыс-адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі сондай-ақ оның ойы мен іс-әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі. Адам өмірінің жанашыры, ақ халатты абзал жандар-дәрігерлер қауымының жасап отырған еңбегі ұшан теңіз. “Кімде-кім басқалардың бақытын ойлап өз ғұмырын сарп етсе, оның жаны сұлулана түсіп, жұлдызы жанады” деген В. А. Сухомлинский. Біз тілге тиек етіп отырған дәрігерлер қауымы жаны таза, өз еңбегінде жұлдызы жанған тұлғалар деп есептейміз.

Интерн Алтыбай Аружан: Медицина қызметкерлері ең ізгі тілектер мен шынайы алғыс сөздерге лайық жандар. Олар адам жанын құтқарып, оларға үміт үміт сыйлайды. Дәрігер- ең ұлы әрі қастерлі мамандық. Біздің де дәрігер мамандығын таңдауымыз бекер емес. Біз де оқуымызды аяқтағаннан кейін сіздер сияқты елге қызмет етіп, пациенттерімізге үміт сыйлап, адам жанының арашасы болғымыз келеді.

Бүгінгі Алғыс айту күні осы ұжымның барлық қызметкерлеріне алғыс айтамыз. Еңбектеріңіз елене берсін. Сіздердің шыдамдылықтарыңыз, жауаптылықтарыңыз, мейірімділік пен ілтипаттарыңыз біздер сияқты жас буын үшін әрқашанда үлгі.

Топ интерндері барлық қызметкерлерге Алғыс айта отырып, күндеріңіз сәтті, шайларыңыз тәтті болсын деп қораптағы конфет таратты.

Шешімі: Іс-шара назарға алынсын.







Кафедра менгерушісі, м.ғ.д. *Дәурен* А.Дауреханов

Аға эдвайзер

Г.Жолдыбаева / Г.Жолдыбаева